



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

русских (*R – были, есть и будем, мы все!, не сдаются!*). Реакция (*R – Вперед!*) является калькой татарского слова «Алга!». Реакции были даны респондентами с восклицательным знаком, таким образом, они содержат высокую степень экспрессивности и патриотизма обоих этносов.

Как сообщает ведущий научный сотрудник отдела этнической социологии Центра исследования межнациональных отношений института социологии РАН Светлана Рыжова, в Татарстане снизилось представительство русских в органах власти [5]. Произошли изменения пропорций в сферах государственного управления и бизнеса: соотношение неуклонно меняется в пользу представителей титульного этноса. Проанализировав данные, полученные в ходе свободного ассоциативного эксперимента, мы приходим к выводу, что ситуация между титульным и нетитульным этносом не является этнически напряженной. Наличие реакций с отрицательной коннотацией не частотны, отсутствие ассоциаций с семьей «конфликт», «конфронтация» символизирует мирный характер сосуществования народов в республике. Анализ АП остальных слов-стимулов репрезентирует полную картину ситуации в сферах управления и власти (стимулы *власть, элита, правительство* и т.д.). Сравнительно-сопоставительная интерпретация ассоциативных полей с позиций психолингвистики помогает смоделировать психически реальное для индивида содержание слова, содержание стабильного ядра ассоциативного поля, характер соотношения смысловых компонентов в структуре ассоциативного поля.

#### Список использованных источников

1. Адамова З.Г. Моделирование автостереотипа "якуты"/"сахалар" на материале ассоциативного эксперимента. Вестник Северо-Восточного федерального университета им. М.К. Аммосова, том 2, 2005, С.88-94.
2. Головин С.Ю. Словарь психолога-практика. Минск: Харвест. 2007. 976с.
3. Солдатова Г.У. Психология межэтнической напряженности. М.: Смысл, 1998, 389 с.
4. Уфимцева Н.В. Языковое сознание: динамика и вариативность – М.: Институт языкознания РАН, 2011, 252 с.
5. Интернет-ресурс: ЦИНК. Гроздь гнева. Рейтинг межэтнической напряженности в регионах России . <http://club-rf.ru/thegrapesofwrath/01/index.html>(Дата обращения: 24.03.2015).
6. Интернет-ресурс: Сервер виртуальных исследований. <http://virtualexs.ru>
7. Интернет-ресурс. Шимбель Н.В, Собор Е.В. Автостереотипы и гетеростереотипы в межнациональных отношениях. <http://ovv.esrae.ru/231-1028> (Дата обращения: 24.03.2015)

ӘОЖ 351.746.1(100)

**Шекара қауіпсіздігі: әлем елдерінің шекара қауіпсіздігі модельдері**

**Тайбасарова Арайлым Булатовна**

[t\\_arailym@mail.ru](mailto:t_arailym@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Даркенов Қ.Ғ.

Бүгінгі таңда әрбір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің негізгі мақсаты – мемлекеттің тұтастығын, мүддесі мен сувернитетін сақтау. Өзімізге белгілі, «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымын алғаш рет әлемдік саясатқа Америка Құрама Штаттарының президенті Ф.Рузвельт енгізген еді. Сол кезден бастап-ақ, ұлттық қауіпсіздік – мемлекетке сыртқы және ішкі факторлар әсерінен қауіптің төнбейтін жағдайын білдірді. Ал сол ұлттық қауіпсіздіктің ең негізгі құраушылары –мемлекеттің демографиялық, экономикалық және шекаралық қауіпсіздіктері болып табылады. Осы қауіпсіздіктерді орнату және сақтау мемлекеттің әрі қарай тұрақты дамуының басты кепілі. Ендігі кезекте, шекаралық қауіпсіздік ұғымына тоқталатын болсақ,

шекаралық қауіпсіздік – мемлекеттің өзінің территориялық біртұтастығына төніп тұрған қауіптердің болмауы немесе сол қауіптерге төтеп беру мүмкіндігі. Бүгінгі таңда әр мемлекеттің басты мақсаты, өз территориясының біртұтастығы мен шекара қауіпсіздігін және трансшекаралық байланыстарды тұрақты түрде сақтау болып табылады.

Әр мемлекеттің шекара қауіпсіздігі саясатын жүргізу бағыты сол мемлекеттің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты анықталады: шекара ұзындығы, шекарадағы ландшафт ерекшелігі, трансшекаралық байланыстардың болуы, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктері, шекаралас жатқан мемлекеттің саяси жағдайы және тағы басқа мәселелер. Осыған орай, әр мемлекеттің шекаралық қауіпсіздік саясатын жүргізуі әртүрлі. Сондықтан, әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, шекаралық қауіпсіздікті орнатудың бірнеше моделін анықтауға болады:

- «Шекаралық қабырғалар» - «Пограничные стены»
- Өзара ынтымақтастық пен серіктестік арқылы қауіпсіздікті орнату
- Барьерлерді жою және ортақ шекаралық кеңістік құру [1,3].

Егер әрбір шекаралық қауіпсіздік модельдеріне жеке тоқталатын болсақ, «Шекаралық қабырғалар» -ды орнату – бүгінгі таңда кең қолданылатын шекаралық қауіпсіздік моделдерінің бірі. Бұл «қабырғалар» қай кезде және не үшін орнатылады? - деген сұраққа жауап беретін болсақ:

- Егер екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас салқын болса
- Көршілес жатқан елге тәуелді болмау үшін
- Көршілес жатқан елдің экономикалық, саяси дамуындағы тұрақсыздық болған жағдайда

- Наркотрафикпен күрес
- Террористік атакалар мен әскери конфликтер санын азайтады
- Шекараны террористер мен заңсыз миграциялардан қорғау мақсатында және т.б.

Бұл «Шекаралық қабырғала» екі мемлекет арасындағы көптеген мәселелерді шешуге көмектескенімен, көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, эффективті емес. Себебі:

- Шекаралық инфрақұрылымды құрастыру мен оны сақтау үшін көп қаражатты қажет етеді
- Сол шекара аумағында қызмет ету үшін көп адам ресурсын қажет етеді
- Шекараны сақтау мақсатында жасалғанымен, аймақта жиі заңсыз миграция, террористік акт және әскери конфликтер туындайды
- Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың тұрақталуына емес, керсінше нашарлауына алып келеді .

«Шекаралық қабырғалар» -ды орнатуда әлем бойынша ең мықты мысалдардың бірі – Солтүстік пен Оңтүстік Кореяның арасындағы шекара болып табылады. Мұндағы «Шекаралық қабырға» ұзындығы 248 км-ді құрайды және бұл аймақта 2 млн. әскери қызметкерлер жұмыс атқарады. Бұл аймақта екі жақтан да бір-бір ауылдан орнатылған және екі мемлекет арасындағы негізгі байланыс Панмынчжон аймағы арқылы жүзеге асады. 1974 – 1990 жылдар аралығында Солтүстік Корея әскерлері бұл «Шекаралық қабырға» арқылы 4 рет өту мүмкіндігін жасады, алайда Оңтүстік Корея әскерлері бұл мүмкіндіктерді толығымен ликвидациялады. Бұл шекараның қорғалуының әсерінен, екі мемлекет әлі күнге дейін бір-бірімен ешқандай қарым-қатынас жүргізбейді [3,4].

1990-2000 жылдарда бастап «Шекаралық қабырғалар»-ды орнатудың тағы басты себептердің бірі террористік акттердің артуына байланысты болды. Бұл қорғану жағдайына ең басты мысалдардың бірі – Израиль мен Египет, Палестина автономиясы және Пәкістан мен Үндістан арасындағы шекараны айтуға болады. Бұл ең алдымен, террористік атакалар саны мен әскери крнфликтер санын азайтты. Мысалы, Үндістандық әскери қызметкерлерінің бағалауы бойынша, террористік атакалар саны 80%-ға дейін төмендеді. Алайда бұл «Шекаралық қабырғалар»-дың территорияда орналасуының тағы бір минусы – шекараны жұмыс ізеп өткісі келген азаматтарды түнгі уақытта атып тастайтын болды. Сонымен қатар, бұл «Шекаралық қабырғалар» толығымен террористік атакалар санын

жоймайды. Мвсалы 2006 жылы Сектор Газадан шыққан террористер туннель арқылы өтіп, сол аймақтағы әскери қызметкерлерді тұтқынға алды.

Көптеген мемлекеттер «Шекаралық қабырғалар»-ды құрудың тағы бір айқын себептерінің бірі – заңсыз және заңды миграцияның болуы. Дәл осындай мақсатта бүгінгі таңда АҚШ – Мексика, Үндістан – Бангладеш, Бирма, Сауд Аравиясы – Ирак, Йемен, Ботсвана – Зимбабве және т.б. елдер «Шекаралық қабырғалар»-ды орнатуда. Алайда, бұл «Шекаралық қабырғалар» миграциядан қорғанудың ең тиімді жолы емес.

«Шекаралық қабырғалар»-дың ең ұзыны ретінде АҚШ пен Мексика арасындағы шекараны айтуға болады [5,6].

1995-2004 жылдар аралығында «Центр Пью» («The Pew Research Center for the People and Pree») зерттеу орталығының айтуы бойынша, уақытша мигранттардың саны 2,2 млн.-нан 6,2 млн.-ға дейін артты және бұл өз жағынан бизнеске айнала бастады.

Бүгінгі таңда шекаралық қауіпсіздікті орнатудың ең тиімді моделі - өзара ынтымақтастық пен серіктестік арқылы қауіпсіздікті орнату, яғни өзара ынтымақтастық арқылы, біріге, ортақ күшпен шекараны қорғау. Бұл модельге ең басты мысалдардың бірі – американо-канада шекарасын айтуға болады. Бұл әлем бойынша ең ұзын шекаралардың бірі – 8900 км. Бұл екі мемлекеттің шекаралық саясатының арқасында өзара сауда-экономикалық, саяси байланыстар жүзеге асуда. 2006 жылы АҚШ пен Канада арасындағы тауар айналым 534 млрд. долларды, ал экспорт 78,9 млрд. долларды құрады. 1930 жылы Канаданың премьер-министрі Р. Беннет американо-канадалық шекараны: «Әлемдегі ең ұзын қарусызданған шекара» - деп атады. Алайда, 2011 жылғы 11 қыркүйекте болған жағдайдан соң, АҚШ пен Канада шекара қауіпсіздігі мәселесін талқылап, 2001 жылы Оттавада «Ақылды шекара» («Умная граница») Декларациясын қабылдады. Бұл келісімнің басты мәні – екі мемлекет өзара экономикалық қарым-қатынас жасағанымен, шекараны өтетіндер тексерістен өтуі қажет болды. Нәтижесінде, шекараны өтетін адамдар саны азайып, 2006 жылы шекараны өткенле саны 2000 жылмен салыстырғанда 1/3 бөлікке азайды [7].

Шекаралық қауіпсіздік саясатының ең соңғы моделі - барьерлерді жою және ортақ шекаралық кеңістік құру. Яғни, мемлекеттердің өзара ынтымақтылығы арқылы ортақ күшпен аймақты тәніп тұрған қауіптерден қорғау. Бұл шекаралық қауіпсіздік моделіне басты мысал ретінде Еуропа Одағының мемлекеттерін атауға болады. Бұл мемлекеттер азаматтары бір-мемлекеттен екіншісіне еркін жүре алады, ал мемлекеттің қауіпсіздік мәселесі тек сол мемлекетке ғана емес, бүкіл аймақтың қауіпсіздігімен байланысты [8].

Сонымен, өз сөзімді қорытындылайтын болсам, бүгінгі таңда шекаралық қауіпсіздік әр мемлекет үшін ең маңызды қауіпсіздік түрі ретінде анықталады. Себебі, әр мемлекет үшін оның ұлттық мүддесі және территориясының біртұтастығын сақтау өте маңызды. Әлемдік елдердің шекара қауіпсіздігінің модельдерін қарастыра отырып, шекара қауіпсіздігінің саясаты әр мемлекеттің өзіндік жағдайына тәуелді болатынына көз жеткіздік.

### Қолданылған әдебиеттер

1. Безопасность и международное сотрудничество в поясе новых границ России. 2002 / Под ред. Л.Б. Вардомского, С.В. Голунова. М.; Волгоград: Научно-образовательный форум по международным отношениям.
2. А. В. Опалев. Национальная безопасность. Основные понятия и определения. Содержание, роль, значение. Буршель Ф. 1999. Вовлечение населения в деятельность пограничной службы Германии на немецко-польской границе // Кочующие границы: Сборник статей по материалам международного семинара / Под ред. О. Бредниковой,
3. В. Воронкова. Труды Центра независимых социологических исследований. Вып. 7. СПб.
4. Гришин М.Л., Губченко В.Н., Дмитриев В.А. и др. Проблемы пограничной политики государства и пути их решения. М.: Изд. группа «БДЦ – пресс», 2001. С.8.
5. Голунов С.В. 2008. Безопасность американо-мексиканской границы: опыт пограничной политики США // США–Канада: экономика, политика, культура. Вып. 4.



6. Танаев К. 2007. Нурсултан Назарбаев: Россия и Казахстан должны стать как США и Канада // «Вести.ру», 06.07:
7. Пограничная политика: учебное пособие / Под ред. В.А. Дмитриева. Монография М.: ПА ФСБ РФ, 2010г.
8. Кулаков А.В. Глобализация как многомерный процесс и ее влияние на пограничную безопасность, М.: ПА ФСБ РФ, 2010г.

УДК 330.342.22:005.591.6.(574.5)

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**

**Тапекова Аяжан Асетовна**

[Tapenkova96@mail.ru](mailto:Tapenkova96@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Аймақтану мамандығының 2-курс студенті, Астана,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Л.Н. Нурсултанова

Индустриалды-инновациялық дамудың бірінші кезеңі әжептеуір нәтижелер берді. 2005 жылы ОҚО-да 86,7 млн АҚШ доллары тұратын 13 жоба өндірілген. «Ордабасы» бірлестігі» АҚ-ы 2006 жылы қуаттылығы жылына 2,5 млн м3 керамикалық гранит өндірісі жөніндегі зауытты іске қосуды және «ИнтерКомШина» АҚ-да шина өндірісін жаңашылдандыруды жүргізуді жоспарлады. Тоқтап тұрған өндірісті іске қосу, жұмыс істеп тұрған өндіріс қуатын арттырып, жаңа өндірісті іске қосу жоспар бойынша 971 жұмыс орнын емес, 1657 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Облыста үш салалық кластерді құру, өңірдің құрылыс индустриясын қайта қалпына келтіру мен көптеген басқа да мәселелерді шешу бойынша жұмысты орындау керек еді.

Жаңа кәсіпорындарды іске қосу мен өнеркәсіптегі жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта қалпына келтірудің есебінен шамамен 700 жұмыс орны құрылды. Жаңа «Қазақ-Орыс Текстиль Альянсы» ЖШС жаңа кәсіпорны пайдалануға беріліп, «Меланж» АҚ өндірісін қайта құру жүргізілді. Тұрғын-үй құрылысы белсенді түрде дамып, мемлекеттік инвестициялардың есебінен Қаратөбе тас жолы бойындағы 40-пәтерлік үйді тұрғызу аяқталды.

«Нұрсәт» мөлтекауданының құрылысы жалғасуда. 2006 жылдың 1 қаңтарында Шымкентте жалпы аумағы 100,8 мың м3 құрайтын 76 тұрғын үй пайдалануға берілген. Орта білім беретін мектептердің шектен тыс жұмыс бастылығы туралы мәселе өз шешімін талап етті, тұрғызылған тұрғын-үйдің сапасы жетілдіруді талап етеді.

«Жол картасын» жүзеге асыру мақсатында, 2010 жылы облыстағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі 18,5 млрд теңге болса, 19,7 жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Жастар іс-тәжірибесі бойынша 6503 жұмыс орны мен 2306 әлеуметтік жұмыс орнын құру жоспарланған.

«ҚР 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының аясында Қазақстанның республикалық индустриаландыру картасының құрамына ендіру үшін, Индустрия және сауда министрлігіне облыстан жалпы сомасы 409,6 млрд теңгеге 13 ірі инвестициялық жоба жіберілген, оның ішінде картаға жалпы сомасы 83,4 млрд теңгеге 6 инвестициялық жоба қамтылған. Сонымен қатар, облыс бойынша өңірлік индустриаландыру картасына ендіру үшін тиісті министрліктерге жалпы сомасы 32,7 млрд теңгелік 19 инвестициялық жоба қарауға ұсынылған болатын.

Аталған инвестициялық жобаларды жүзеге асыру облыс үшін оң жағдайлар қалыптастырады, осылайша жалпы сомасы 116,1 млрд теңгеге инвестиция тарту жоспарланып отыр, осылайша құрылыс жүргізу барысында 3581 және кәсіпорындарды пайдалануға беру кезеңінде – 4038 тұрақты жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып отыр.